

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

**ЛАУАЗЫМДЫҚ
НҮСҚАУЛЫҚ**

01.04.2021

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан




**ДОЛЖНОСТНАЯ
ИНСТРУКЦИЯ**

№ 28

г. Алматы

Бекітемін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
РММ Директоры
Абдрашев Б.Т.
2021ж. «01» 04

ТӘРБИЕШІ

Әзірлеген:			
Директордың оқу жөніндегі орынбасары		Мусрепова М.С.	
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ.....	5
4. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	6
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	7
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	7
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	8

Тәрбиешінің Республикалық тәрбиелік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) тәрбиешісінің қызметтік міндеттерін, құқықтарын мен жауапкершілігін анықтайды.

3. Тәрбиеші педагогикалық жұмыстармен сапалы жұмыс жасайды.

4. Тәрбиеші Мектеп директорының бұйрығымен лауазымды тағайындалады және босатылады. Тәрбиешілердің қызметіне басшылық етуді директордың оқу жөніндегі орынбасары және директордың мейіртүсімі жүзеге асырылады.

5. Тәрбиеші өз жұмысында төмендегілері басшылықта жазылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері, мәртебесі бар нормативтік құжаттамалары, мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарлары, жоғары деңгейдегі ұйымдардың бұйрықтары мен құжаттары;

2) Мектеп қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;

3) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

1. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Тәрбиеші лауазымына тиісті білім бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе тәжірибе курсынан өткізілген расталған құжат немесе тиісті білім бойынша техникалық және кәсіптік білім бар адам тәжірибелендіріледі, оның жұмыс өтіміне талап қойылады.

* және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог-психолог үшін кемінде 6 жыл.

* және (немесе) біліктілігі жоғары немесе әлеуметтік педагог-психологтар үшін кемінде 3 жыл, педагог-ағартушы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 5 жыл.

2. Кәсіби қызметіндегі анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог" (санаты жоқ).

Лауазымдық нұсқаулық	Тәрбиеші
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-ден 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымдық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) тәрбиешісінің қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Тәрбиеші педагогикалық жұмыскерлер санатына жатады.

4. Тәрбиеші Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады. Тәрбиешілердің қызметіне басшылық етуді директордың оқу жөніндегі орынбасары және интернат меңгерушісі жүзеге асырады.

5. Тәрбиеші өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарларын, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;

2) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;

3) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Тәрбиеші лауазымына тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар адам тағайындалады, оның жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

• және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог-шебер үшін кемінде 6 жыл.

• және (немесе) біліктілігі жоғары немесе орта деңгейдегі педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 5 жыл.

2. Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог" (санаты жоқ):

Лауазымдық нұсқаулық	Тәрбиеші
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-ден 3 бет

- «педагог» біліктілігіне қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс;
- тәрбиелеу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын білуі, тәрбиелеу әдістемесін игеруі;
- жас ерекшеліктерді ескере отырып, тәрбиелеуде жеке тәсілді жүзеге асыруы;
- ата-аналармен және оларды алмастыратын тұлғалармен байланыс жүзеге асыруы;
- балалар дамуының диагностикасын жүргізуі;
- білім беру ұйымы деңгейінде ішараларға қатысуы;
- кәсіптік-педагогикалық диалог дағдылары болуы, цифрлық білім беру ресурстарын қолдануы тиіс;

2) педагог-модератор:

- санаты жоқ педагогқа қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар:

- оқыту мен тәрбиелеудің жеке бағдарлаушылық технологиясын меңгеруі,

- білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына, озық педагогикалық тәжірибе мектебіне қатысуы;

- өз жұмысында озық педагогикалық тәжірибе пайдалануы;

- кәсіби біліктілігін арттыруы;

- білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибесін жинақтауы қажет;

3) педагог-сарапшы:

- педагог-модераторға қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс, сонымен қатар:

- тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін және оларға дифференциаланған тәсілді ескере отырып, тәрбиеленушілерді тәрбиелеудің әдістерін өз бетінше құрастыруы,

- тәрбиелеу жұмыстарын талдаудың әдістерін меңгеруі,

- диагностикалық жұмысты ұйымдастырудың формаларын меңгеруі;

- әдістемелік бірлестіктерінің, семинарлар мен конференциялардың жұмысына қатысуы.

- өзінің кәсіби біліктілігін арттыруы;

- кәсіби дамуының: өзінің және білім беру ұйымы деңгейінде әріптестерінің басымдықтарын айқындауы қажет.

4) педагог-зерттеуші:

- педагог-сарапшыға қойылатын талаптарға жауап беруге тиісті, сонымен қатар:

- ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін игеруі, оқушылардың тәрбиелілігін бағалау құралдарын әзірлеуі;

- жаңа педагогикалық технологияларды, тәрбиелеу әдістемесін әзірлей білуі, оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі,

Лауазымдық нұсқаулық	Тәрбиеші	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		8-ден 4 бет

- шығармашылық семинарларына басшылық жасай білуі,
- әдістемелік ұсынымдарды немесе ғылыми жарияланымдарды кейіннен шығарумен озық педагогикалық тәжірибені жинақтауы;
- тәлімгерлікті жүзеге асыруы және кәсіби қоғамдастықтар желісін дамытуды жоспарлауы қажет.

5) педагог-шебер:

- педагог-зерттеушіге қойылатын талаптарға жауап беруге тиісті, сонымен қатар:
 - ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін игеруі;
 - жаңа педагогикалық технологияларды, тәрбиелеу әдістемесін әзірлей білуі;
 - оларды сынақтан өткізу жұмыстарын жүргізе білуі, әдістемелік ұсынымдарды немесе ғылыми жарияланымдарды кейіннен шығарумен озық педагогикалық тәжірибені жинақтауы;
 - тәрбиелеу саласында өзекті мәселелерді әзірлеу бойынша шығармашылық топтарды басқаруға;
 - авторлық бағдарламасы немесе тәрбиелеу саласында шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен автор) болуы қажет.

2. Тәрбиеші Білуге міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
- 3) "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын;
- 4) білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді;
- 5) педагогика мен психология негіздерін;
- 6) педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін;
- 7) менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін;
- 8) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы, санитарлық ережелер мен нормалар;
- 9) оқушылар тәрбиелеуді ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

1. Тәрбиеші балалардың денсаулығын сақтау мен қорғау қызметін камтамасыз етеді, оларды оқыту мен тәрбие беруде денсаулық сақтайтын

Лауазымдық нұсқаулық	Тәрбиеші
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-ден 5 бет

технологияларды қолданады, балалармен жүргізетін жұмысында жеке тұлғаға бағдарланған тәсілді жүзеге асырады.

2. Музыкаға дарынды балалардың жеке тұлғасының шығармашылық даму мақсатында оқушылардың жеке қабілеттерін, бейімділігі мен мүмкіндіктерін зерделейді.

3. Тәрбиеленушілердің күн тәртібін орындауын, үй жұмыстарын орындауын, пайдалы қоғамдық еңбекке қатысуын ұйымдастырады.

4. Оларға білім алуға, бос уақыттарын ұйымдастыруға, өздігінен шығармашылық дайындалуға және өзін көрсетуге көмектеседі.

5. Сабақтан тыс уақыттарда тәрбиеленушілермен тәрбиелік жұмыс жүргізеді.

6. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып өз-өзіне қызмет жасауға, жеке гигиеналық тазалықты сақтауды ұйымдастырады.

7. Медициналық қызметкерлермен бірлесе отырып, тәрбиеленушілердің денсаулықтарын нығайтуды және сақтауды қамтамасыз етеді, психикалық және дене дамуына септігін тигізетін іс-шаралар жүргізеді, балалардың мекемеде болу мерзімінде денсаулықтарына жауап береді.

8. Топқа бекітілген мүліктің, әдістемелік әдебиеттің, құралдардың сақталуын қамтамасыз етеді, инвентарьдың, оқу құралдарының, музыкалық аспаптардың есебін жүргізеді.

9. Белгіленген есеп құжаттамасын сапалы және уақытылы әзірлеу мен тапсыруды қамтамасыз етеді.

10. Отандық және шетелдік тәжірибені зерделеу негізінде инновациялық педагогикалық тәжірибені, үздік практиканы зерделеумен, қорытумен, таратумен және енгізумен шұғылданады.

11. Тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультативтік көмек беруді іске асырады. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

12. Ұйымда білім беру процессінің барлық субъектілерінің қатысуымен «Құндылытарға негізделген білім» тұжырымдамасын енгізеді.

13. Тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдылық принциптерін сіңіреді.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Тәрбиешінің мынадай құқықтары бар:

- 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 2) өзінің кәсіби және оқу-тәрбиелеу қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
- 4) Мектептің оқу-тәрбиелеу жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;

Лауазымдық нұсқаулық	Тәрбиеші
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-ден 6 бет

5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;

6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектеп жанындағы интернаттың оқу-тәрбиелеу қызметіне байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;

7) тәрбиеленушілерді көтермелеу бойынша ұсыныстар енгізуге;

8) тәрбиеленушілердің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға және ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларына сәйкес тәрбиеленушіге тәртіптік әсер ету шараларын қабылдауға;

9) өз құзыреті шегінде Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;

2. Тәрбиешінің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Тәрбиеші Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;

2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;

3) жоспарлы тапсырмаларды орындамағаны үшін;

4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте тәрбиеші тәрбиеленушілердің құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін жауапты болады. Тәрбиеленуші тұлғасына тәни және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиелеу әдістері қолданылғаны үшін тәрбиеші ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуы мүмкін.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

Лауазымдық нұсқаулық

Тәрбиеші

«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»

8-ден 7 бет

